

ДІН ЖӘНЕ ҰЛТШЫЛДЫҚ АРА-ҚАТЫНАСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ НЕГІЗГІ ӘДІСНАМАЛЫҚ ТӘСІЛДЕМЕЛЕР*

Сихимбаева Дамира Алиевна

alpesh_83@mail.ru

ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану

және дінтану институты

(Алматы, Қазақстан)

Sikhimbayeva Damira

alpesh_83@mail.ru

Institute of Philosophy, Political Science

and Religious Studies CS MCHE RK

(Almaty, Kazakhstan)

Аңдатпа. Мақалада дін және ұлтшылдық арасындағы қарым-қатынастарды зерттеудегі негізгі теориялық және әдіснамалық тәсілдемелер қарастырылады. Құндылықтар жүйесі, қоғамдық күш және идеологиялық конструкт ретінде аталмыш құбылыстар арасындағы байланыс әлеуметтік ғылымдар аясында ең аз зерттелген салалардың бірі. Осы орайда, аталмыш екі құбылыс арасындағы қарым-қатынас үлгілері, олардың бір-біріне тигізетін әсерінің деңгейі мен оларға ықпал ететін факторлар талданады.

Бұл әдіснамалық тәсілдемелер өз кезегінде посткеңестік кезеңдегі ұлттық құрылыс жобалары мен үдерістеріндегі діннің, соның ішінде Ислам дінінің рөлін бағалауға мүмкіндік береді. Атап айтар болсақ, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру барысындағы ұлтшылдық пен ислам арасындағы күрделі қарым-қатынастың себептері мен оның ұлттық құрылыс және дін саласындағы мемлекеттік саясатқа тигізетін салдары сараланады.

Түйін сөздер: дін, ұлтшылдық, ұлттық құрылыс, ұлттық бірегейлік, діни бірегейлік, мемлекет, діни саясат.

Кіріспе

Дін және ұлтшылдық арасындағы қарым-қатынас мәселесі ұлт және ұлтшылдықты зерттеу саласындағы ең аз зерттелген немесе назардан тыс қалған мәселелердің бірі [1, 3 б.; 2, 215-242 бб.; 3, 10 б.]. Оның басты себебі дінді зерттеуге қатысты әлеуметтік ғылымдар саласында секуляризация және модернизация теориялары басымдыққа ие болды. Бұл теорияларға сәйкес, қоғамдағы индустриализация, модернизация, урбанизация үрдістерінің

* Бұл мақала AP14871508 «Қазақстандағы ұлттық құрылыс аясындағы исламизация үдерісі: интеграциялық және дезинтеграциялық әлеуеті» гранттық қаржыландыру жобасы аясында әзірленді.

күшеюі діннің әлеуметтік институт ретінде беделі мен рөлінің төмендеуіне алып келеді. Алайда, соңғы жарты ғасырда діннің әлеуметтік кеңістіктің экономикалық, қоғамдық-саяси салаларына қайта оралып, өздерінің құқықтарын талап етуі, исламистік идеологиялық ағымдардың ұлттық мемлекетке, ұлтшылдыққа қарсы қозғалыстары дін мен модернизм, дін және ұлтшылдық мәселесін қайта қарастыруды мәжбүрледі [1, 3 б.].

Ұлт пен ұлтшылдықтың пайда болуымен қалыптасуын зерттеу саласында негізгі фундаменталды факторларға талдау жасаған примордиал, конструктив және инструменталды парадигма өкілдері де дінді өз зерттеулеріне қоспай, оның маңызына мүлде назар аудармаған.

Алайда, дін ұлт пен ұлттық бірегейліктің ажырамас бөлігі, сондықтан ұлт және ұлтшылдықты зерттеу және түсінуде дінді қарастырмай, айналып өту ұлттық дискурстың мазмұнын дұрыс және жан-жақты түсіну мүмкін емес. Сондықтан, діннің этносаяси үдерістердегі рөлі мен ұлттың қалыптасуындағы қызметін талдау қоғамдық дискурс пен ұлттық құрылыс саясатындағы көптеген қайшылықтарды айшықтай түседі.

Әдіснама

Әлеуметтік ғылымдар аясында дін және ұлтшылдықтың ара-қатынасы ең аз зерттелген салалардың бірі. Осы орайда, мақалада аталмыш екі қозғалыстың байланысын түсінуде бірқатар теориялық және әдіснамалық тәсілдемелер ұсынылады. Пост кеңестік кезеңдегі дін және ұлтшылдық қарым-қатынасын түсінуде Р. Брубейкердің ұсынған әдіснамалық стратегиялары тиімді болмақ. Атап айтар болсақ, ғалым екі құбылысты зерттеуде төрт жолды ұсынады:

- 1) Дін мен ұлтшылдықты аналогиялық құбылыс ретінде қарастыру;
- 2) Дін ұлтшылдықтың пайда болуын түсіндіреді;
- 3) Дін ұлтшылдықтың маңызды бөлігі;
- 4) Ұлтшылдықтың діни формасы.

Бұл әдіснамалық тәсілдер ұлттық бірегейлікті қайта анықтау және қайта түсінудегі екі құбылыс арасындағы күрделі қарым-қатынастарды түсінуге және талдауға мүмкіндік береді. Пост-кеңестік кеңістіктегі дін мен ұлтшылдық арасындағы байланысты дін мен ұлтшылдықты бірегейлікті қалыптастыратын идеологиялық конструкт немесе жүйе (тәртіп) ретінде қарастыру тиімді болмақ. Сондықтан, мақалада екі құбылысты конструкт ретінде қарастыратын Р. Брубейкер және т.б батыстық ғалымдар ұсынған аналитикалық тәсілдемелер қолданылады. Атап, айтар болсақ, дін және ұлтшылдық қоғамдағы діни және ұлттық бірегейлікті қалыптастыру бойынша идеологиялық конструкт ретінде қолданылып, олардың арасындағы қайшылықтар мен сәйкессіздіктер талданады.

Дін және ұлтшылдық арасындағы қарым-қатынастарды қарастырудың негізгі тәсілдері

Ұлтшылдық пен дінді зерттеп жүрген ғалымдар құндылықтар мен сенім жүйесі ретінде екі құбылысқа да тән ұқсастықтарды айқындаған. Дін де ұлтшылдық та адамдардың қоғамдық ортадағы әлеуметтік бірегейлігін қалыптастырады. Дін де, ұлтшылдық та әлеуметтік және мәдени бірегейлену не сәйкестенудің негізгі формалары мен қайнар көздері. Дін және ұлтшылдық әлеуметтік ұйымдасудың жолы ретінде азаматтардың қоғамдағы белгілі бір құндылықтар төңірегінде топтасуына негіз болып, олардың қоғамдағы қатынастарын реттеуге, жіктеуге себеп болады.

Кез келген ұлтшылдық халықты біріктіретін мифтер мен символдарға жүгінеді, олардың ұрпақтан ұрпаққа өтуінде және топтық бірегейлігін нығайтуда өте маңызды рөл атқарады. Символдар, дәстүрлер және рәсімдер ұлттық бірегейліктің маңызды компоненттері және олар қоғамда мобилизациялық қызмет атқарады. Ұлтшылдық дискурста оларды елемеу, таптау ұлтқа қиянат жасау, ұлттық бірегейліктің жоғалуына қауіп төндіру ретінде қарастырылады. Бұл ұлттық символдар мен құндылықтар топтың мәдени шекарасын анықтап, басқа топтан оқшаулану немесе ішкі топты жұмылдыру және біріктіру қасиетіне ие.

Дін де, ұлтшылдық та саясиленген жағдайда қоғамдық өмірді реттеуде діни заңдарға сәйкес немесе ұлттың атынан не ұлт үшін қабылданған заңдарға сәйкес қайта құруды талап етеді. Екеуі де экономикалық ресурстарды иеленуде, саяси басқаруда, символикалық және мәдени құндылықтарды өндіруде өкілеттілікке ұмтылады. Мәселен, бірқатар араб мұсылман елдерінде президент тек мұсылман азамат қана бола алады. Ал ұлттық мемлекеттерде президент тек титулды немесе негізгі басым ұлттың өкілі болуы тиіс. Әлемде дін үшін де, ұлт үшін де өмірлерін қиюға дайын болатын топтар кездеседі.

Дін мен ұлтшылдыққа қатысты зерттеулердің көпшілігі осы екі құбылыстың арасында бірқатар параллельдікті (сәйкестік) анықтады. Мысалы, Карлтон Хейз [4] ұлтшылдықты дін ретінде сипаттап, екеуінің арасындағы ұқсастықты атап көрсетеді. Ұлтшылдық, дін сияқты, сыртқы (Мәңгілік) күшке деген сенімді күшейтіп, «терең сезімдер мен эмоцияларды» оятады. Ғалымның пікірінше, «Ұлтшылдық, кез келген басқа дін сияқты, тек ерік-жігерді ғана емес, ақыл-ойды, қиял мен эмоцияны да дамытады... Кез-келген дін сияқты, ұлтшылдықтың әлеуметтік табиғаты бар және оның негізгі рәсімдері – адамзатты құтқару мақсатында жаратылған қоғамдық рәсімдер» [4, 164-165 бб.].

Энтони Д. Смит [5, 331-355 бб.] екі құбылыстың да функционалдық ұқсастықтарын атап өтті, олар «нанымдар мен тәжірибелер жүйесін» қамтиды және «өзініңсоңына ерушілерін біртұтас моральдық қауым-дастыққа біріктіреді» [5, 4-5 бб.].

Бенедикт Андерсон діни (христиан әлемі, исламдық үмбет, буддизм әлемі) қауымдастықтарды, сондай-ақ ұлттық қауымдастықтарды қасиетті

символизмге сүйенетін қиялдағы қауымдастықтар ретінде қарастыруды ұсынды [6, 12-17 бб.].

Питер Ван дер Бир мен Хармут Леман Б.Андерсон ұсынған аналитикалық құралдардың көптеген зерттеулерде «ұлт пен діни қауымдастық қиялдағы қауымдастық ретінде қарастырылғанына» ықпал еткенін атап өтті. Дін мен ұлтшылдықты әлеуметтік қиялдың мәдени өнімі ретінде талдай отырып», ғалымдар олардың қазіргі әлемдегі көптеген заманауи қозғалыстардағы әлеуметтік күшіне назар аударды [7, 1 б.].

Стивен Гросби ұлт пен дінді «әрқайсысының бір-біріне сүйеніп, өзара ықпалдаса отырып, адамның танымы мен іс-әрекетін реттейтін құрылымдық жүйелер» деп сипаттады [8, 97 б.]. Автор егер «өмірдегі маңызды құндылықтар (шығу тегі, этностық тегі және қасиетті аумағы) сонымен бірге діннің де маңызды элементтері болса, онда дін мен ұлттың жақындасуы мүмкін. Егер олар сәйкес келмесе, онда дін мен ұлт арасында айтарлықтай шиеленіс болуы мүмкін»деп тұжырымдайды [8, 109 б.].

Лиоу дін мен ұлтшылдық тек абстрактілі формаларда ғана емес, сонымен бірге белгілі бір мақсатта жұмылдыруға бағытталатын практикалық құралдар ретінде де қатар өмір сүретінін анықтады [3, 3 б.]. Ол дінді «ілім мен теология»ретінде емес, тарихи, әлеуметтік және саяси контексттердің кең ауқымына енетін және өзара ықпалдасатып құбылыс ретінде қарастыруды ұсынды. Себебі, ғалымның пікірінше, «дін, ұлтшылдық сияқты, ұлт және мемлекеттілік ұғымдарының негізінде жатқан мифтерді, рәміздерді, сенім жүйелерін және тілдің маңыздылығына қасиетті сипат береді» [3, 11 б.].

Барбара-Энн Риффер [2, 215-242 бб.] екі құбылыстың өзара байланысына жүйелі талдау жүргізіп, түрлі тарихи кезеңдерде екеуінің қарым-қатынасына түрлі факторлардың ықпал еткенін баяндайды. Ғалым Осы ара-қатынастың нәтижесінде түрлі институционалды өзгерістерге тоқталып, әр жағдайда діннің ұлтшылдыққа әсер ету дәрежесін анықтады.

Роджерс Брубэйкер [19, 2-20 бб.] дін мен ұлтшылдық арасындағы байланысты зерттеудің төрт түрлі әдісін ұсынды. Атап айтқанда:

- дін мен ұлтшылдықты ұқсас құбылыстар ретінде қарастыру.
- дінді ұлтшылдықтың шығуын түсіндіретін құбылыс ретінде қарастыру.
- дінді ұлтшылдықтың бір бөлігі ретінде қарастыру,
- ұлтшылдықтың діни формасы [19, 2-20 бб.].

Дін мен ұлтшылдық арасындағы қарым-қатынастарға қысқаша шолу екі құбылыстың түрлі контекстерде өзара байланысы.

Дін және ұлтшылдықтың ара-қатынасы

Көп жағдайда дін және ұлтшылдық бір-біріне қарсы қойылады немесе бір-бірімен сыйыспайтын құбылыс не құндылықтар жүйесі ретінде қабылданады. Мысалы ұлтшылдық табиғатынан қатаң зайырлы, ұлтшылдық діннің құлдырауынан пайда болды немесе діни сенімдер жүйесі билік етіп

тұрған кезде соған қарсы күш ретінде пайда болды деген пікірлер ғылыми ортада жиіталқыланды. Мысалы, дінде лоялдық немесе ең жоғарғы билік күші – Құдай және Құдай заңы, белгілі бір діндегі қалыптасқан қасиетті кітап және соның негізінде қалыптасқан дог-матикалық жазбалар болып қабылданады. Ал ұлтшылдықта ең жоғарғы құндылық және билік – ол ҰЛТ, яғни ұлттық қалауы, жағдайы, дамуы үшін қабылданған ұлттық заңнамалар. Алайда, осы күнге дейін екі жүйе арасында байланыс түрлі факторлар мен шарттарға қарай түрлі сипат алды.

Ұлтшылдықтың дін сияқты қасиетті өткені мен болашағы бар, ұлтшылдық та дін сияқты азаматтарды мобилизациялау, біріктіру сияқты терең психологиялық, эмоциялық сезімдерді оятатын күші бар, пайғамбарлар ретінде қадірленетін өткен заманның батыр тұлғалары бар, қасиетті болып табылатын ұлттық мерекелері, еске алу күндері бар, церемониялық салттары бар. Қазіргі таңда діни фанатиктердің айтып жүрген дін үшін өмірін қиғандар шахиттер сияқты, ұлт үшін өмірін құрбан еткен тұлғалар ерекше құрметке ие болып, халық жадында сақталады. Ғасырлар бойы жинақталып, қалыптасқан құндылықтары мен дәстүрлері болады, олардың барлығы жиналып келіп ұлттық бірегейлікті құрайды. Ұлтшылдар үшін осы құндылықтарды елемей, теріске шығару, таптау сияқты құбылыстар оларда басқа әлеуметтік топтарға қатысты жаушылық қатынас туындатады. Бұл жалпы, ұлтшылдықтың діни қасиетін көрсетеді.

Ұлтшылдық бұл жалпы кең қолданыста айтылып жүргендей саяси идеология емес, ол белгілі бір ұлттың ойлау жүйесі, ұлттық сана-сезімі. Бұл сана-сезімде ұлт, ұлттық бірегейлік, отан деген категориялар «табиғи», «туа біткен» құндылықтар ретінде қабылданады.

Ұлтшылдық, ұлт, ұлттық мемлекеттер ертеректе қабылданған, ішкі ұлтқа ғана бағытталған дүниетаным емес, бұл қазіргі әлемдегі халықаралық саяси сахнада қолданысқа айналған идеология. Ұлттық мемлекеттер бәрі бір-бірін «біз» және «олар» деп бөліп қарастырады. Ұлттық мүдделерді бірге қорғауға, ортақ жауды бірге еңсеруге шақырады.

Дін ұлтшылдықтың себебі деген тұжырымға келер болсақ, дін белгілі бір ұлттың ұлтшылдығының қалыптасуының негізін қалады. Мысалы, иудаизм еврей ұлтшылдығының және еврей ұлтының таңдаулы деген идеясына ықпалы, батыс еуропадағы түрлі протестанттық бағыттардың не деноминациялардың сол елдегі ұлтшылдықтармен тығыз байланысы немесе солардың қалыптасуына ықпалы. Дін ұлтшылдықтың пайда болуы мен дамуына діни символдар мен нарративтерді (негізгі идеяларды) тікелей қолдану арқылы ғана емес, жанама түрде де ықпал еткен. Мысалы, Батыс еуропадағы Протестанттық Реформация осы елдердің Рим Католик Шіркеуінен бөлініп шығып, әр елдің ұлты мен жеке ұлттық бірегейлігінің қалыптасуына, әр елдің тілінің стандартталуына себін тигізген.

Ғалымдар көп жағдайда діни ұлтшылдық пен қазіргі таңдағы исламистік (саяси ислам) қозғалыстар арасындағы ұқсастықтарды атайды. Бұл исламистік

қозғалыстар негізінен ұлтқа қарсы, яғни антиұлттық немесе трансұлттық сипаты басым. Олардың мақсаты Ортағасырлық халифатты қайта қалыптастыру, ғаламдық мұсылмандық умманы құтқаруға, қорғауға саяси үндеулер арқылы шақыру. Олар мұсылман жамағатының қоғамдық өмірі қорғалуы қажет, оларды мұсылман мемлекетінде мұсылман емес азаматтар билік басында болмауы қажет. Осы үлгідегі исламистік қозғалыстарға Таблиғи жамағат, Хамас, Мұсылман бауырластығы, Аль Каида, Талибан және т.б ұйымдар мен діни-саяси ұйымдарды жатқызуға болады.

Ислам діні әлемдегі көлемі жағынан Христиан дінінен кейінгі екінші трансұлттық дін, яғни ұлттан тыс, ұлттан жоғары дін. Көптеген ғалымдар жалпы мұсылмандар бірінші кезекте өздерін ұлттық тұрғыдан емес, діни тұрғыдан анықтап, ислам дінімен бірегейленеді деп есептейді. Бұл оның басқа діндерге қарағанда трансұлттылық қабілетін дәлелдейді деген тұжырым ғылыми ортада жиі айтылады

Исламизм де – ұлтшылдықтың бір түрі, алайда, аталмышидеология аясында ұлтқа орын жоқ. Ол бүкіл әлемдегі трансұлттық мұсылман үмбетіне бағытталған саяси не идеологиялық үндеулер. Ол көбінесе Батыс еуропадағы мұсылмандардың екінші не үшінші ұрпақ буынына бағытталап, этностық және ұлттық бірегейлікті жоюға немесе олардың маңыздылығын төмендетуге бағытталған жүйе. Осы тұрғыдан Мұсылмандық бірегейлік Батыс еуропада өзінің жай ғана діни бірегейлігінен айрылып, одан да жоғары мықты потенциалы бар саяси категорияға айналады. Бұл тек Батыс Еуропа елдеріне ғана қатысты емес, сонымен қатар, қазіргі әлемдегі барлық мұсылман жамағаты, соның ішінде, посткеңестік мемлекеттерге, Орталық Азия, Қазақстанға да қатысты айтылып отыр.

Ұлтшылдық бұл бірегейлікті қалыптастыруға байланысты идеологиялық конструкт, жалпы ұлттың өз ұлттық бірегейлігін сақтаудағы эмоционалдық және психологиялық (патриоттық) сезімдері, массалық құбылыс не қоғамдық қозғалыс (тенденция) болуы мүмкін. Ұлтшылдық заман, қоғамдық-саяси, тарихи шарттарға байланысты түрлі мәселелерді күнтізбеге шығаруы мүмкін. Ұлтшылдықта этностық фактор, тілдік фактор не діни фактор алдыңғы қатарға шығуы мүмкін.

Сириялық тамырлары бар еуропалық мұсылман ғалым Бассам Тиби «Ұлтшылдық – ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы ұлттық құрылыс немесе идеологиялық саясат» деп анықтайды. Бұл ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда бірінші орынға түрлі компоненттер шығуы мүмкін: мысалы, ұлтты ұлт ететін, ұйыстыратын этнос, тіл, ортақ мәдени құндылықтар мен тарих, және\немесе дін.

Ұлтшылдықтың табиғаты да, оның дінмен қатынасы да әртүрлі болады. Мысалы, Мұсылмандарға қатысты Үндістандағы ұлтшылдық, ресейдегі ұлтшылдық, Қытайдағы ұлтшылдық, Батыс Еуропа елдеріндегі ұлтшылдық.

Ұлтшылдықтың Янус секілді екі жағы бар: оның бірі өткен тарихқа қарап, оны дәріптеу, есте сақтау, қадірлеу болса, екінші жағы заман талабы-

на сай модернизация арқылы болашаққа ұмтылу. Бұл модернизация саясат, құқық, тіл, мәдениет, экономика сияқты барлық салаларда жүреді, сол себептен бұл діндар (дәстүршілдер) немесе зайырлы ұлтшылдар (реморматорлар) арасындағы үздіксіз талас тартысқа толы болатын дүние.

«Дін және ұлтшылдықтың байланысы екеуіне де үлкен күш береді» бұл екеуінің арасындағы орнаған байланысқа қарамастан, олардың арасында үнемі қайшылық туындап отырады, «екі тарап та бір бірінен белгілі деңгейде трансформацияны талап етті, бұл өз кезегінде екеуінің арасында үлкен шешілмес қайшылықтарға да алып келді... сондықтан дін мен ұлтшылдықтың бірігуі өте сирек және бұл ара-қатынас, халықтың этностық және діни құрамына байланысты өзгеріп отырады. Егер, этикалық нормалар мен мәдени құндылықтар тікелей дінмен байланысты болса, онда дінді қорғау ұлтшылдықтың басты элементіне айналады. Алайда, ұлтшылдық үшін дін тек оның реформаланған күйінде, ішкі сенім мен этикалық ұстанымдар жүйесі ретінде ғана қолайлы» [10].

Ислам әлеміндегі ұлтшылдық құбылысын зерттеп жүрген ғалым-дардың айтуынша, «Мұсылмандық ұлтшылдық та» уақыт өте келе төмендегі ретпен, өзінің көрінісін өзгерткен деп айтады:

1) «Өзін-өзі анықтау ұлтшылдығы», яғни, өзінің саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени дербестігіне қол жеткізу және қорғау;

2) «интеграциялық ұлтшылдық», яғни, тәуелсіз мемлекетті нығайту және ішкі қайшылықтарды жою;

3) «репрессивті ұлтшылдық», ішкі ұлттық азшылық топтармен әлеуметтік, этностық, мемлекеттік қайшылықтар туындаған жағдайда пайда болды;

4) «миссионерлік ұлтшылдық», бұл өз ішкі діни-саяси идеологиясы мен идеяларды басқа мұсылман қауымдарында кеңінен уағыздап, таратуы [11].

Осындай көзқарас оппоненттерінің пікірінше, бұл тенденциялар жалпы идеялардың дамуы және мұсылмандық Шығыс елдерінде кеңінен қолдау тапқан жоқ. Бұл елдерде қоғамдық саяси өмірде тек қана ұлтшылдықтың, зайырлылықтың немесе діни бастаулардың таза күйінде басым болуы өте сирек кездескен: басты идеология ретінде олардың кез келгені алға шығуы мүмкін. Мысалы, Египетте, 1906–1910 жж. Биліктің ұлтшылдық бөлігі діндар бұқараның көмегіне мұқтаж болғанда саяси өмірде ислам дінінің рөлі өскен; 1920–1930-ы жж, керісінше, ұлттық идеологияның ұқпалы басым түсіп, сол бағыттағы партиялар қолдауға ие болған; 1940-ы жылдары елде «мұсылман бауырластығы» атты діни идеология халық арасында кең қолдауға ие болды; Г.А. Насера әскери диктатурасы кезінде (1956–1970) ұлттық идеология және саясат басым болса, Анвар Садаттың билікке келуімен (1970) ислам идеологияда негізгі орынға ие бола бастады. Мұсылман әлеміндегі исламистік қозғалыстар мен партияларды зерттеп жүрген ғалымдардың пікірінше, «мұсылман ұлтшылдарының» діни немесе ұлттық факторға қатысты көзқарастарына орай оларды келесі топтарға бөлуге болады:

- 1) ұлт және ұлтшылдыққа басымдық беретіндер,
- 2) біріншілікті тек ислам адептері мен панисламизмге беретіндер,
- 3) ислам догматикасы мен ұлттық идеология арасындағы үйлесімді сәйкестілікке басымдық беретін топ.

Алайда, ислам әлеміндегі мемлекеттердің дамуында ұлттық концепцияларға басымдық берген мұсылман идеологтары мен саяси басшылар арасында да ортақ құндылықтар мен ұстанымдар орын алып отырады. Сириялық қоғамдық саяси белсенділердің пікірінше, «ислам мемлекеттік дін ретінде түрлі басқа діни жамағаттарға өздерінің отаны мен ұлтына деген махаббаттары мен патриоттық сезімдеріне және өзінің ұлтының одан ары дамуына қызмет етуіне кедергі жасамауы қажет. Араб ұлтшылдары түрлі халықтардың ұлттық мүдделерін ескерусіз, мұсыомандық қоғам құруға шақырған «мусульманских ретроградтарды» сынға алды. Олар исламды мәдениет құбылысы ретінде қолдап, оның мемлекет түзуші дін ретінде орнығуына қарсы шыққан.

Бұл мәселелер әсіресе, ислам діні басым емес, конфессиялардың бірі ретінде келген шығыс қоғамдарында кеңінен талқыға түсті. Бұндай жағдайда, ұлтшылдар «мемлекет азаматтары өздерінің діни сенімдеріне байланыссыз тең деңгейде құқықтар мен міндеттерге ие болу керек. Ұлтшылдардың пікірінше, дін – кез келген азаматтың жеке басының ісі. Ал ұлт қоғамдық кеңістіктегі барлық этностық, діни, мәдени қауымдастықтардың барлығына ортақ.

Қорытынды

Коммунистік режим құлаған соң, пост кеңестік мемлекеттерде ұлтшылдық пен ислам ұлттық және діни бірегейлікті қалыптастыруда идеологиялық құрылымдарға (жүйе)айналды. Тарихи тұрғыдан Ислам орталық азия халықтарының бірегейлігінің ажырамас бөлігін құрып келді. Алайда, 70 жыл бойы үстемдік құрған қатаң атеизмнің нәтижесінде Орталық Азиядағы исламдық инфрақұрылым терең құлдырауға ұшырады, діни білім үзілді, ортаазия мұсылмандары жалпы мұсылман үмбетінен оқшауланды. Исламның догматикалық негіздері жоғалып, тек мәдени, яғни салт-дәстүр негізінде ғана сақталды. Пост кеңестік кезеңдегі исламдану үрдісі бұдан былай этномәдени шекаралармен ғана шектелмей, ғаламдық Исламның бір бөлігі. Сол себептен, исламдық бірегейлікті қалыптастыру үдерістеріне ұлттық шекараларға қарсы трансұлттық исламистік ағымдар да белгілі деңгейде үлестерін қосты. Кейбір халықаралық исламистік идеологиялық ағымдар мен ұйымдардың әсерінен мұсылмандық бірегейлікті қайта қарастыру үрдісі орын алды. Бұл үрдістер исламдық бірегейлікті жергілікті этномәдени элементтерден ажырату және тазарту, сонымен бірге, ғаламдық мұсылмандық үмбетке тән сын-қатерлер, өмір сүру салты, киім кию үлгісі, мұсылмандық риторика тәрізді көптеген жаңа өзгерістерді де алып келді. Қоғамдық кеңістіктегі ұлттық дискурс тарапынан да, билік институттарының

тарапынан да бұл үдерістер ұлттық сипатқа жат, дәстүрлер мен ұлттық бірегейлікке қауіпті үдеріс деп қызу талқыға салынып жатады. Алайда, ислам мен ұлтшылдық бір-біріне қайшы дүниетаным деу қате тұжырым, екі идеологиялық құрылым арасындағы қарым-қатынастарды шиеленістіру, яғни инструмент ретінде қолдану да жиі кездеседі. Қазақстан Республикасында ислам мен ұлтты, ұлтшылдықты қарсы қою қауіпті. Екі құбылыс арасындағы шиеленістің алдын алуда кешенді шаралар, рационалды, конструктивті, инклюзивті тәсілдемелерді қажет ететін ұлттық және діни саясатты жетілдіру қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Guibernau M. and Hutchinson J. (eds). Understanding Nationalism. Malden, MA: Blackwell Publishers Inc. – 2001. – P. 304.
- 2 Rieffer B.J. Religion and Nationalism: Understanding the consequences of a complex relationship. *Ethnicities* 3, 2003. – Pp. 215-242.
- 3 Liow J.Ch. 2016. Religion and Nationalism in Southeast Asia'. – Cambridge University Press, UK: Clays, St Ives, 2016. – P. 261.
- 4 Hayes C.J.H. Nationalism. A Religion. – New York: Macmillan, 1960. – Pp. 164-165.
- 5 Smith A.D. Ethnic election and national destiny. Some religious origins of nationalist ideals. – Nations and Nationalisms, 1999. – Pp. 331-355.
- 6 Anderson, B. Imagined Communities. – London: Verso, 1983. – Pp. 12-19.
- 7 Van Der Veer P and Harmut Lehman. Introduction' in Nation and Religion. Perspectives on Europe and Asia. (eds) Peter Van Der Veer and Harmut Lehman. –Princeton University Press, 1999. – P. 208.
- 8 Grosby S. Nationality and Religion in Understanding Nationalism. (eds). Hutchinson, John. "Re-Interpreting Cultural Nationalism." *Australian Journal of Politics and History* 45 (3). – 2001. – Pp. 392-407.
- 9 Brubaker R. Religion and Nationalism: Four approaches. – Nations and Nationalisms, 2012. – Pp. 2-20.
- 10 Ерасов Б.С. Социально-культурные традиции и общественное сознание в развивающихся странах Азии и Африки. – М.: Наука, 1982. – 280 с.
- 11 Wolfson M. Die Politische Funktionen der Religion // *Dritte Welt*. – Meisenheim. – Jg. 6, N 1. – 1978. – S. 125–180.

Transliteration

- 1 Guibernau M. and Hutchinson J. (eds). Understanding Nationalism. Malden, MA: Blackwell Publishers Inc. – 2001. – P. 304.
- 2 Rieffer B.J. Religion and Nationalism: Understanding the consequences of a complex relationship. *Ethnicities* 3, 2003. – Pp. 215-242.
- 3 Liow J.Ch. 2016. Religion and Nationalism in Southeast Asia'. – Cambridge University Press, UK: Clays, St Ives, 2016. – P. 261.
- 4 Hayes C.J.H. Nationalism. A Religion. – New York: Macmillan, 1960. – Pp. 164-165.
- 5 Smith A.D. Ethnic election and national destiny. Some religious origins of nationalist ideals. – Nations and Nationalisms, 1999. – Pp. 331-355.
- 6 Anderson, B. Imagined Communities. – London: Verso, 1983. – Pp. 12-19.

7 Van Der Veer P and Harmut Lehman. Introduction' in Nation and Religion. Perspectives on Europe and Asia. (eds) Peter Van Der Veer and Harmut Lehman. –Princeton University Press, 1999. – P. 208.

8 Grosby S. Nationality and Religion in Understanding Nationalism. (eds). Hutchinson, John. "Re-Interpreting Cultural Nationalism." Australian Journal of Politics and History 45 (3). – 2001. – Pp. 392-407.

9 Brubaker R. Religion and Nationalism: Four approaches. – Nations and Nationalisms, 2012. – Pp. 2-20.

10 Erasov B.S. Social'no-kul'turnye tradicii i obshhestvennoe soznanie v razvivajushhihsja stranah Azii i Afriki [Socio-Cultural Traditions and Public Consciousness in the Developing Countries of Asia and Africa]. – М.: Nauka, 1982. – 280 s.

11 Wolfson M. Die Politische Funktionen der Religion // Dritte Welt. – Meisenheim. – Jg. 6, N 1. – 1978. – S. 125–180.

Сихимбаева Д.А.

Основные методологические подходы к изучению взаимоотношений религии и национализма

Аннотация. В статье рассматриваются основные теоретико-методологические подходы к изучению взаимоотношений религии и национализма. Связь между этими явлениями как системой ценностей, общественной силой и идеологическими конструкциями является одной из наименее изученных областей в рамках социальных наук. В этой связи анализируются модели взаимоотношений между этими двумя явлениями, уровень их влияния друг на друга и факторы, способствующие им.

Эти методологические подходы, в свою очередь, позволяют оценить роль религии, в том числе ислама, в национальных строительных проектах и процессах постсоветского периода. В частности, будут проанализированы причины сложных отношений между национализмом и исламом в процессе формирования национальной идентичности и ее последствия для государственной политики в области национального строительства и религии.

Ключевые слова: религия, национализм, нациестроительство, национальная идентичность, религиозная идентичность, государство, религиозная политика.

Sikhimbayeva D.A.

The Main Methodological Approaches to the Study of the Relationship Between Religion and Nationalism

Abstract. The article discusses the main theoretical and methodological approaches to the study of relations between religion and nationalism. The relationship between these phenomena as a system of values, social power and ideological constructs is one of the least studied areas within the Social Sciences. In this regard, the models of relationships between these two phenomena, the level of their influence on each other and the factors that contribute to them are analyzed.

These methodological approaches, in turn, make it possible to assess the role of religion, including Islam, in national construction projects and processes of the post-Soviet period. In particular, the reasons for the complex relationship between nationalism and Islam in the formation of national identity and its consequences for state policy in the field of national construction and religion are analyzed.

Keywords: religion, nationalism, Nation-Building, national identity, religious identity, state, religious policy.